



“Күміс университет” бағдарламасы аясындағы жаңа дәріс “Almaty Gallery”-да өтті

2025 жылғы 11 желтоқсанда «Күміс университет» бағдарламасы аясында өткен кезекті дәрістің “Almaty Gallery” кеңістігінде ұйымдастырылуы – тыңдаушылар үшін заманымыздағы көркем үдерістерді тікелей көріп, сезінудің маңызды мүмкіндігі болды. Дәріс барысында қатысушылар қазіргі бейнелеу өнеріндегі жаңа бағыттар, технологиялық тәжірибелер және көркемдік тұжырымдамалардың өзгеру динамикасы туралы терең мағлұмат алды.

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Өнертану» факультеті, «Бейнелеу өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының аға оқытушысы, өнертанушы Ләйлә Абдығаниқызы Кенжебаева ұсынған мазмұнды дәріс тыңдаушыларды екі маңызды көрмемен таныстыруға бағытталды.

Алдымен Орталық Азияның Дата- арт заманауи “Тірек” атты көрмесі қарастырылып, онда цифрлық технологияның көркемдік ойлаумен тоғысуы, кеңістікті қабылдау формаларының өзгеруі және қазіргі медиамәдениеттің жаңа эстетикасы жан-жақты талданды. Көрмедегі жұмыстардың құрылымдық-ұғымдық ерекшеліктерін саралай отырып, өнертанушы көрерменді жаңа медиа тілін түсінуге жетеледі. Сонымен қатар көрмеге келушілер заманауи өнер туындыларына жеке қолтаңбалық іздерін қалдырып, тоқыма жіптермен тізбек жолын тоқып сәндік панно композициясын толықтырып жасаудан ерекше әсер алды.

Келесі тақырыпта Қазақстандық суретші Сергей Бабяковтың “Түстер тербелістері” атты жеке көрмесі талқыланды. Басым бөлігі “ню” жанрында орындалған кезекті туындылар тыңдармандарға әйел бейнесінің сұлу табиғатын, болмысын суреттеді. Бұл экспозициядағы пластикалық ырғақ, түстік динамика және автордың интуитивті-эмоционалдық шешімдері кәсіби тұрғыдан түсіндіріліп, тыңдаушыларға суретшінің шығармашылық әдісін терең ұғынуға мүмкіндік берді. Бабяковтың еңбектеріндегі түстердің қозғалысқа ұқсас табиғаты, ішкі энергияны сездіретін композициялық құрылымдары ерекше атап өтілді.